«8D04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Қалмырза Ғазиза Махкәмқызының дайындаған диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы: «Қазақстан Республикасындағы тауар таңбаларын құқықтық қорғаудың өзекті мәселелері».

Диссертациялық зерттеудің мақсаты. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы тауар таңбаларын құқықтық қорғау саласындағы заңнаманы және практиканы кешенді теориялық-құқықтық талдау арқылы зерттеу, сонымен қатар халықаралық тәжірибені ескере отырып, тауар белгілерін құқықтық қорғау механизмдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Зерттеудің міндеттері. Зерттеу жұмысының тұжырымдалған мақсатына жету үшін төмендегідей міндеттер белгіленді:

1. Дараландыру құралдарының түрлерін талдап, олардың мазмұнын ашу, бұл ретте тауар белгісіне ерекше назар аудару;
2. Тауар белгілерінің қорғалу деңгейін, соның ішінде интернет кеңістігіндегі қорғалу жағдайын айқындау.
3. Тауар белгілерін заңсыз пайдалануға қарсы құқықтық қорғау шараларына байланысты халықаралық және ұлттық тәжірибеге салыстырмалы құқықтық талдау жүргізу;
4. Тауар белгілерін заңсыз пайдалану мәселелеріне қатысты құқықтық даулар бойынша сот тәжірибесін ашып көрсету және оған талдау жүргізу.
5. Тауар белгілерін құқықтық қорғаумен байланысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын одан әрі дамыту және жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
6. Шет елдердің озық тәжірибесін ескере отырып, ҚР тауар белгілерін құқықтық қорғаудың өзекті мәселелерін шешу жолдарын айқындау.

Зерттеудің әдістемелік негізін құқықтық ғылымдағы жалпы ғылыми және арнайы-құқықтық таным әдістері құрайды.

Зерттеу барысында диалектикалық әдіс кеңінен қолданылды, ол тауар белгілеріне қатысты айрықша құқықтардың даму процесі барысында орын алатын құқықтық құбылыстарды олардың өзара байланысы мен ішкі қайшылықтарын ескере отырып қарастыруға жағдай жасады. Сонымен қатар, аталған әдіс тауар белгілерін құқықтық қорғау саласындағы заңнаманың эволюциясын зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде пайдаланылды.

Қолданылған жүйелік-құрылымдық талдау әдісі авторға тауар белгілерін қорғау институтының құқықтық жүйедегі орнын айқындауға, сондай-ақ оның ішкі құрылымын ашып көрсетуге, негізгі элементтер мен олардың арасындағы тұрақты байланыстарды анықтауға мүмкіндік берді.

Ғылыми танымның келесі маңызды әдістерінің бірі ретінде салыстырмалы-құқықтық әдіс қолданылды. Бұл әдіс арқылы автор Қазақстан Республикасының

заңнамасын, сот тәжірибесін және шетел мемлекеттерінде қалыптасқан құқықтық тетіктерді салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік алды.

Зерттеу шеңберінде формальды-құқықтық әдіс те кеңінен қолданылды, бұл қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің ережелеріне теориялық-догматикалық талдау жүргізуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде автор зерттелген нормалардың мазмұнын, олардың ішкі құрылымын бағалап, логикалық жүйелілігін және өзара үйлесімділік деңгейін айқындады.

Тауар белгісін қорғау саласындағы сот тәжірибесін және құқық бұзушылық фактілерін сипаттайтын жекелеген деректерді, сондай-ақ тауар белгілерін тіркеу динамикасын көрсететін сандық көрсеткіштерді талдау барысында сараптамалық және статистикалық әдістер қолданылды. Бұл қолданыстағы құқық қолдану тәжірибесін терең түсінуге және тауар белгілерін қорғауға қатысты проблемалық аспектілерді анықтауға мүмкіндік берді. Аталған екі әдістің кешенді қолданылуы теориялық қағидалар мен қазіргі заманғы құқық қолдану практикасының арақатынасын бағалауға жағдай жасады.

Зерттеу барысында анықталған мәселелерді жүйелеу және жіктеу, сондай-ақ құқықтық институт элементтері арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды айқындау мақсатында логикалық және дедуктивтік әдістер пайдаланылды. Бұл әдістер зерттеу жұмысының дәйектілігі мен негізділігін қамтамасыз етті. Дедуктивтік әдіс жалпы теориялық тұжырымдардан нақты қорытындылар мен практикалық ұсыныстарға көшуге негіз болса, логикалық талдау, синтез, жалпылау және абстракциялау тәсілдері зерттеу жұмысының құрылымдық тереңдігі мен жүйелілігін күшейтті.

Таңдалған әдістер жиынтығы диссертациялық зерттеу нәтижесінде теориялық және практикалық маңызы бар негізделген қорытындылар мен ұсынымдарды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл ұсыныстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және тауар белгілерін қорғау саласындағы құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1.Тауар белгілерін жасау кезінде жасанды интеллект жүйелерін пайдалануды құқықтық тұрғыдан реттейтін біртұтас әрі жан-жақты механизм қажет екені анықталды. Осы мақсатта «Интеллектуалдық меншік саласында жасанды интеллект технологияларын дамыту және енгізу жөніндегі мемлекеттік бағдарлама» қабылдау ұсынылады. Бұл бағдарлама тауар белгісі ретінде тіркеуге ұсынылатын белгілерді жасанды интеллект көмегімен құру кезінде қолданылатын бастапқы тапсырманың (промпттың) мазмұнына қойылатын ортақ талаптарды бекітуі тиіс. Аталған талаптар белгінің құқықтық қорғалуға жарамдылығын, айқындаушылық сипатын, бұрын тіркелген тауар белгілерімен шатастыруға әкелетін ұқсастықтың болмауын, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарының бұзылмауын алдын ала тексеру тәртібін қамтуы қажет.

2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес интеллектуалдық қызметтің нәтижелері ретінде тек адам еңбегімен жасалған шығармашылық өнімдер ғана қорғалады. Алайда жасанды интеллект технологияларын кеңінен қолдану, оның ішінде интеллектуалдық меншік

объектілерін жасау барысында, мұндай нәтижелерге айрықша құқықтардың кімге тиесілі болатыны жөнінде маңызды мәселе туындатады. Қазіргі уақытта жасанды интеллекттің қатысуымен жасалған объектілерге қатысты бірыңғай құқықтық тәртіптің болмауы құқықтық белгісіздікке алып келеді. Осыған байланысты мұндай нәтижелерді құқықтық реттеуге арналған арнайы құқықтық тетіктерді әзірлеу қажеттілігі туындап отыр.

Осылайша, ҚР АК-нің (Жалпы бөлім) 125-бабын жаңа үшінші тармақпен толықтырып, оны төмендегідей мазмұнда толықтыруды ұсынамыз:

«3. Жасанды интеллектті пайдалану арқылы жасалған зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқық, заңмен немесе шартпен өзгеше көзделмесе, жасанды интеллект жүйесінің иесі болып табылатын заңды немесе жеке тұлғаға не тиісті объектіні жасау бастамасын көтерген тұлғаға тиесілі болады.

Жасанды интеллект көмегімен жасалған тауар белгісі Қазақстан Республикасында тіркелгенін білдіретін, шеңбер ішіндегі «RAI» сөздік белгісі түріндегі ескерту таңбасымен сүйемелденуге тиіс» (А қосымшасы).

3. Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын ТРИПС халықаралық стандарттары мен Еуразиялық экономикалық одақ құқығымен үйлестіру мақсатында «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауардың шығу тегін атаулары туралы» ҚР Заңының 5-бабының 1-тармағын төмендегідей мазмұнмен толықтыру ұсынылады:

«Тауар белгісі ретінде бір тұлғалардың тауарлары мен қызметтерін басқа тұлғалардың біртекті тауарлары мен қызметтерінен ажыратуға мүмкіндік беретін бейнелік, сөздік, әріптік, цифрлық, көлемдік, дыбыстық, иістік және голографиялық белгілер немесе олардың комбинациялары тіркелуі мүмкін».

4.Жалпыға бірдей белгілі тауар белгілерін құқықтық қорғау тетіктерін жетілдіру мақсатында «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» ҚР Заңының 20-бабына өзгерістер енгізу ұсынылады. Атап айтқанда, жалпыға бірдей белгілі тауар белгілеріне қатысты ескерту таңбасын енгізу көзделеді. Осыған сәйкес, жалпыға бірдей белгілі тауар белгісінің иесіне шеңбер ішіндегі латын әрпі «R» және жұлдызша символымен толықтырылған ескерту таңбасын пайдалану құқығын беру ұсынылады (А қосымшасы).

5. ҚР-ның «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 3-бабының 3-тармағын «интеллектуалдық меншік істері бойынша» деген сөздермен толықтыру ұсынылады және аталған тармақты мынадай редакцияда баяндау орынды деп есептеледі:

«3. Қазақстан Республикасында басқа да соттар, оның ішінде кассациялық және мамандандырылған (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері бойынша, интеллектуалдық меншік істері бойынша және өзге де мамандандырылған соттар) құрылуы мүмкін».

6. Маркетплейстердің қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру және маркетплейстер арқылы тауарлық белгілерге құқықтардың бұзылуымен тауарларды өткізуге қарсы іс-қимылды күшейту мақсатында мынадай шараларды іске асыру қажет деп санаймыз: маркетплейс платформаларының иелерінің тауарлық белгілері бар тауарларды орналастыруға бақылау жүргізу

жөніндегі міндеттерін нормативтік тұрғыдан бекіту, оның ішінде шектеулі брендтер тізімдері бойынша міндетті тексеруді жүзеге асыруды және тауарлық белгіні пайдаланудың заңдылығын растайтын құжаттарды талап етуді көздеу; құқық иелерінің өтініштеріне уақтылы ден қоймағаны үшін нақты санкцияларды белгілеу арқылы сатушылар мен платформалар арасындағы жауапкершілік тепе-теңдігін қамтамасыз ету; тауарлық белгілерді пайдаланудың заңдылығын растау рәсімдерін жеңілдету мақсатында электрондық коммерция саласында тауарлық белгілерді электрондық тіркеу мен есепке алу жүйесін енгізу.

7.Цифрландыру үдерісінің қарқынды дамуы және тауар белгісі бар өнімдер саудасының әртүрлі сайттар мен платформалар арқылы электрондық форматқа көшуі сатушылардың сауда орындарынан бас тартуына алып келуде. Бұл өз кезегінде заңнамалық тұрғыдан бекітілген «сауда объектісі» ұғымында олқылықтың пайда болуына, соның салдарынан сауда қызметін ұйымдастыруды құқықтық реттеуде кемшіліктердің қалыптасуына ықпал етеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 1-бабын толықтырып, сауда объектісінің анықтамасын нақтылау, оған маркетплейстерді теңестіру ұсынылады. Аталған ұғымды мынадай редакцияда баяндау орынды деп санаймыз:

«27) сауда объектісі тауарларды орналастыруға (жайғастыруға), көрсетуге, сатып алушыларға қызмет көрсетуге және тауарларды сату кезінде ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыруға арналған жабдықтармен арнайы жарақтандырылған және осы мақсатта пайдаланылатын ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігі, құрылыс немесе құрылыстың бір бөлігі, сауда нарығы, автоматтандырылған құрылғы немесе көлік құралы, сондай-ақ онлайн-платформалар (маркетплейстер, электрондық сауда сайттары)». Бұл ретте, онлайн-платформада тауар карточкасын орналастыру кезінде сатушының тауар белгісін пайдалану құқығының заңдылығы туралы ақпаратты міндетті түрде көрсетуін бекіту принциптік маңызға ие болады, яғни ол тауар белгісінің иесі ретінде не лицензиялық шарт негізінде әрекет ететінін көрсетуі тиіс. Көрсетілген талап сақталмаған жағдайда, тиісті тауар карточкасын орналастыру тауар белгісі иесінің айрықша құқықтарын бұзу ретінде қарастырылуы және онлайн-платформа (маркетплейс) иесіне де, сондай-ақ тауар сатушысына да санкциялар қолданумен қатар жүруі тиіс.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы. Диссертациялық зерттеуде қойылған міндеттер толық көлемде шешілді, атап айтқанда: дараландыру құралдарының түрлерін талдап, мазмұны ашып көрсетілді; интернет кеңістігінде тауар белгілерін қорғалу деңгейі айқындалды; тауар белгілерін заңсыз пайдалануға қарсы құқықтық қорғау шараларына байланысты халықаралық және ұлттық тәжірибеге салыстырмалы құқықтық талдау жүргізілді; тауар белгілерін заңсыз пайдалануға қатысты құқықтық даулар бойынша сот тәжірибесіне талдау жүргізілді, тауар белгілерін құқықтық қорғаумен байланысты ҚР-ның қолданыстағы заңнамасын одан әрі дамыту және жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленді; шет елдердің озық тәжірибесін ескере отырып, ҚР-да тауар белгілерін құқықтық қорғаудың өзекті мәселелерін шешу жолдарын айқындады.

Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығын негіздеу. Диссертация цифровизация қарқынды дамыған кезеңде тауар белгілерін құқықтық қорғау саласындағы құқықтық реттеу, сот практикасы және халықаралық тәжірибені жан жақты зерттеудің арқасында ұлттық құқық жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған мемлекеттік тілде жазылған алғашқы монографиялық зерттеу.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы жасанды интеллект көмегімен жасалған тауар белгілерін құқықтық реттеуге және оның ескертпе таңбалануын ұсынуы, жалпыға бірдей белгілі тауар белгілерінің ескертпе таңбалануын ұсынуы, контрафакт тауарлардың маркетплейс платформасында саудалану жағдайында сатушы мен маркетплейс платформаларының иелерінің жауапкершілігін нақтылауды ұсынуы, зияткерлік меншік құқығы бойынша дауларды қарайтын арнайы мамандандырылған соттарды құруға ұсыныс білдіруі, заңға тауардың иіс сезу, дыбыс және голограмм белгісі ұғымдарды енгізу ұсыныстарының тұжырымдалуы болып табылады. Зерттеудің теориялық мәні кең мағынада тауар белгілерін қорғау мәселелерін толық қамтуға негізделген. Ол Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын, халықаралық құқықтық актілерді, ғылыми әдебиеттерді, ақпараттық ресурстар мен сот тәжірибесін жан-жақты талдауға сүйенеді.

Ғылымның даму бағыты мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысында, Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 22 маусымдағы ҚазақстанРеспубликасының бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында, сондай-ақ «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атаулы құжатында көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес орындалды.

Әр жариялымға докторанттың үлесінің сипаттамасы. Автордың жеке зерттеу жұмыстарының тұжырымдары мен пайымдаулары заңнаманы жетілдіру жөнінде жарияланған еңбектерінде көрініс тапқан. Диссертациялық жұмыстың негізгі теориялық ойлары, қорытындылары және тәжірибелік ұсыныстары тоғыз ғылыми-тәжірибелік басылымдарда жарық көрді. Олардың ішінде 1 мақала – Scopus дерекқорына кіретін халықаралық басылымда; 4 мақала – ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған және бекіткен ғылыми журналдарда; 4 мақала - басқа басылымдарда, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында жарық көрді.